

**Қазақстан Республикасының 1993 жылы туған еркек жынысты азаматтарын және шақырылу жасынан өткен бұрын шақыру учаскесінде тіркеуден өтпеген ересек азаматтарды Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 2010 жылғы қаңтар-наурыз аралығында тіркеуді жүргізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 желтоқсанда N 13-6-133 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің 2010 жылғы 24 қарашадағы N 18 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің 2010.11.24 N 18 Шешімімен**

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 08 шілдедегі № 74 Заңының 17-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 05 мамырдағы № 371 қаулысының 2-тарауына сәйкес, 1993 жылы туған еркек жынысты азаматтарды және шақырылу жасынан өткен бұрын шақыру учаскесінде тіркеуден өтпеген ересек азаматтарды әскери есепке алу, олардың санын анықтау, әскери қызметке жарамдылығын және денсаулық жағдайын анықтау, дене шынықтыру дайындығының жалпы білім деңгейін анықтау, әскерге шақырылушылардың арналуын алдын ала белгілеу, әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеу мақсатында **ШЕШІМ қабылдаймын:**

1. Қазақстан Республикасының 1993 жылы туған еркек жынысты азаматтарын және бұрын шақыру учаскесіне тіркелмеген ересек азаматтарды тіркеу 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында Малышев көшесі, 50 мекен-жайы бойынша орналасқан Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесінің үй-жайында ұйымдастырылсын.

2. **Алынып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің 2010.01.12 N 01 Шешімімен**

3. Алынып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің  
2010.01.12 N 01 Шешімімен

4. Явленка орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері С.С. Қалиеваға (келісім бойынша):

1) шақыру учаскесін қажетті құралдармен, дәрі-дәрмектермен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етсін;

2) тіркеуге алынатын азаматтарды медициналық куәландыруға дәрігер мамандарды және орташа медицина қызметкерлері белгіленсін.

5. Селолық округ әкімдеріне:

1) шақыру учаскесіне тіркелуге тиіс азаматтардың тізімдерін Есіл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне ұсынсын;

2) жинақтау пунктіне тіркелуші тұлғалардың белгіленген уақытта келуін ұйымдастырып, қамтамасыз етсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Т. Мұқашевқа жүктелсін.

7. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында алғаш рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Есіл ауданының әкімі*

*В. Бубенко*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*бөлімнің бастығы*

*Қорғаныс істері жөніндегі*

*С. Сүлейменов*

*бас дәрігері*

*Явленка орталық аудандық ауруханасының*

*С. Қалиева*